

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 25 шілдедегі N 288 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы 2000 жылғы 28 қараша N 438. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 28 желтоқсан N 1344 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 26 қарашадағы N 473 қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 25 шілдедегі N 288 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 25 шілдедегі N 288 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 25 шілдедегі N 288 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 0 0

ж ы л ғ ы

2 8

қ а р а ш а д а ғы

№ 438 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының

"Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 25 шілдедегі № 288 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің т і р к е у тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар

1. Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын тіркеу ережелері".

2. Барлық мәтін бойынша "осы Ереже", "осы Ереженің", "осы Ережеге" деген сөздер "осы Ережелер", "осы Ережелердің", "осы Ережелерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Тараулардың атауларындағы "I", "II" "III", "IV" деген сандар "1", "2", "3", "4" деген сандармен ауыстырылсын.

4. 1-тараудың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Банктер теңгемен және шетел валютасымен берген сомасы 5 млн. теңгеден асатын кепілдіктер (кепілдемелер) Ұлттық Банкте тіркелуге тиіс".

5. 1-тараудың 6-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Екі немесе одан көп парақ етіп жасалған кепілдіктердің (кепілдемелердің) шарттары нөмірленіп, тігілуі керек, қағаз пломбамен қойылуы және банктің мөрімен бекітілуі керек."

6. 2-тараудың 10-тармағындағы "5" саны "бес жұмыс күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын.

7 . 1 1 - т а р м а қ т а ғы :

", ал Ұлттық Банк оны тіркеуге" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мұндай талап банктерде жекелеген пруденциалдық нормативтердің бұзылуын жою жөнінде Ұлттық Банк Басқармасы мақұлдаған (келіскен) іс-шаралар жоспарлары (бағдарламалары) болса және олар орындалған болса қолданылмайды."

8. 2-тараудың 13-тармағындағы "бес" деген сөз "жеті жұмыс күні" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы